

Бекітемін
Түркістан облысы әкімінің бірінші
орынбасары - төтенше жағдайлардың
алдын алу және жою жөніндегі комиссия
төрағасының орынбасары



З. Жолдасов

2024 жыл

Түркістан облысында халықпен жалпы облыстық сейсмикалық
жаттығулар өткізудің ой мақсаты

Түркістан қаласы
2024 жыл

Мемлекет Басшысының Алматы қаласында сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы кеңейтілген кеңесте берілген тапсырмаларын іске асыру мақсатында, **2024 жылғы 23 шілде сағат 11:00-де** Түркістан облысының қала мен аудандарында жоспарлы түрде облыстық сейсмикалық жаттығулар өтеді.

1. Сейсмикалық жаттығуды өткізудің мақсаты:

- тұрғындарды жер сілкінісі кезіндегі іс-әрекеттерге дағдыландыру;
- азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің дайындық деңгейін арттыру;
- зардап шеккен халықты қабылдау бекеттерінің дайындығын нақтылау;
- тұрғындарға алдын ала айқындалған көшірілетін бағыттарды жеткізу;
- тұрғындарға төтенше жағдайларда әрекет етуге дабыл сөмкелерін дайындауды насхаттау

2. Сейсмикалық жаттығуды өткізу кезіндегі оқу сұрақтары:

- Түркістан облысының құлақтандыру жүйесін іске қосу арқылы "БАРШАНЫҢ НАЗАРЫНА!" сигналымен халықты құлақтандыру;
- тұрғындарды ғимараттар мен құрылыстардан құтқару, эвакуациялау орнына жинау;
- төтенше жағдайлар кезінде адамдар жаппай болатын объектілерде өрттерді сөндіру;
- жер сілкінісі кезінде ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлардың қауіпсіз орындарында тұрғындарды уақытша паналату;
- шартты жер сілкінісі салдарынан зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;
- баспанасыз қалған зардап шеккен халық үшін қабылдау бекеттерін өрістету;
- төтенше жағдайлар кезінде дабыл сөмкесінің қажетілігі туралы ақпаратты халыққа жеткізу.

3. Сейсмикалық жаттығуды өткізу кезеңдері:

1-ші кезең: жалпы облыстық сейсмикалық жаттығудың басталуы туралы мәтінді жариялай отырып, Түркістан облысын азаматтық қорғаудың хабарлау жүйесін іске қосу;

2-ші кезең: халықтың жер сілкінісі кезінде 10 қарапайым қадамды практикалық пысықтау, шартты жер сілкінісі кезінде ғимараттар мен құрылыстардағы коммуналдық қамтамасыз ету желілерін ажырату, халықты эвакуациялау, төтенше жағдайлар кезінде халықты қауіпсіз орындарға жинау;

3-ші кезең: төтенше жағдайлар кезінде адамдардың жаппай болатын объектідегі өрттерді сөндіру және ғимараттардың шатырынан зардап шеккен адамдарды (құтқару жабдықтарын қолданып) құтқару элементтерін практикалық пысықтау, зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;

4-ші кезең: мүмкіндігі шектеулі жандарды құтқару және эвакуациялау одан әрі зардап шеккен халықты қабылдау бекеттеріне жеткізу;

5-ші кезең: халықты жинау, тіркеу және уақытша орналастыру элементтерін пысықтай отырып, баспанасыз қалған зардап шеккен халықты қабылдау бекеттерін өрістету;

6-шы кезең: халықпен сейсмикалық жаттығудың мазмұны бойынша оқу тренингтерін өткізу және төтенше жағдайларға арналған дабыл сөмкесін жинақтау.

4. Дайындық шаралары:

Түркістан облысы Төтенше жағдайлар департаменті:

- іс-шарадан 2 күн бұрын ақпарат көздерінде, әлеуметтік желілерде, сондай-ақ Департамент пен аудан әкімдіктерінің сайттарында жалпы облыстық сейсмикалық жаттығулардың өтетіндігі туралы жариялау бойынша ақпараттық жұмыс жүргізеді;

Назар аударыңыз!

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

2024 жылғы 23 шілде күні сағат 11.00-де Түркістан облысында жалпы облыстық сейсмикалық жаттығулар өткізіледі!

Сейсмикалық жаттығуды бастамас бұрын, **дабыл сөмкесін** дайындаңыз, қауіпсіз жерге эвакуациялау бағытын анықтаңыз!

Қауіпсіз орын-ғимараттардан, электр желілерінен және үлкен ағаштардан алыс ашық алаң болып табылады!

Сейсмикалық жаттығулар кезінде "Баршаның назарына!" сигналын естіген кезде **сабырлы болыңыз, қосымша нұсқауларды орындаңыз!**

Төтенше жағдайларға дайындық өміріңіз бен денсаулығыңызды сақтаудың кепілі болып табылады! **Барлықтарыңыздан сейсмикалық жаттығуларға белсенді қатысуларыңызды сұраймыз!**

5. Жалпы облыстық сейсмикалық жаттығулар сценарийі:

(Шартты түрде) 2024 жылғы 23 шілде ҚР ТЖМ "Сейсмологиялық бақылаулар мен зерттеулердің ұлттық ғылыми орталығы" ЖШС-нің болжау комиссиясы сейсмикалық, гидрогеологиялық деректер параметрлерінде кешендеу ауытқуларының туындағанын атап өтті.

Ретроспективті талдау қысқа мерзімді сейсмикалық жағдайдың дамуын көрсетіп, жер сілкінісінің ықтимал болжамы туралы (MSK-64 сейсмикалық шкаласы бойынша 6-8 балл болуы мүмкін) жер сілкінісі қаупі сақталады.

(Шартты түрде) 2024 жылғы 23 шілде сағат 11:00-де Түркістан облысы аумағында 6-8 балдық жер сілкінісі болды, соның салдарынан күрделі жағдай, ғимараттар мен құрылыстардың жаппай қирауы, көптеген өрт ошақтарының пайда болуы, байланыстың барлық түрлерінің жұмысының бұзылуы және көлік магистральдарындағы үйінділер қирау орын алды. Сарыағаш ауданында апат салдарынан аммиактың бөлінуімен улы бұлт, тіршілікті қамтамасыз ететін объектілер істен шықты.

Жалпы облыстық сейсмикалық жаттығулар басшысының (Түркістан облысы ТЖД бастығы) нұсқауы бойынша ТЖД дағдарыс жағдайларындағы басқару жедел кезекшісі құлақтандыру жүйесін іске қосып «**БАРШАНЫҢ НАЗАРЫНА**» сигналын береді.

ТЫҢДАҢЫЗДАР! ТЫҢДАҢЫЗДАР!

Түркістан облысында сейсмикалық жаттығулар өткізіледі!

Түркістан облысында сейсмикалық жаттығулар өткізіледі!

Бүгін сағат 11.00-де "**Баршаның назарына!**" құлақтандыру дабылы іске қосылып, осы ғимаратта сейсможаттығу өтеді.

Осы іс-шараны өткізу кезінде сабырлық сақтап және дүрбелең тудырмауыңызды өтінеміз. Сейсмикалық жаттығуды өткізуге белсенді қатысуды сұраймыз.

"Баршаның назарына!" құлақтандыру сигналы іске қосылған кезінде:

- дүрбелеңге берілмей тыныштықты сақтаңыз;
- жасырын жер тауып, басыңызды қолмен жабыңыз;
- бірінші қабаттан 10-20 секунд ішінде ғимараттан тез шығыңыз;
- алдын ала дайындалған құжаттарды, ақшаны және қажетті заттарды өзіңізбен бірге алыңыз;
- балаларға, қарттарға және мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек көрсетіңіз;
- үшінші және одан кейінгі жоғарғы қабаттарда болған кезде қауіпсіз орындарға тұрыңыз;
- есіктің ойықтарында, күрделі қабырғалардан пайда болған бұрышта, ішкі қабырғалардың бұрыштарына тұрыңыз.

- Мықты сейфтер қасына немесе үстелдің астына жасырыңыз, - Ол сізді құлап жатқан заттар мен сынған бөлшектерден қорғайды. Терезелер мен ауыр жиһаздардан аулақ болыңыз;

- жер сілкінісі тоқтаған соң ғимараттан тезірек шығыңыз.

ӨТЕ ҚАУІПТІ:

- балконнан немесе терезелерден секіруге;
- лифтті қолдануға;
- терезелердің қасында тұру және шынымен жасалған жиһаздардың ішіне кіруге;
- ғимараттың ішінде бірнеше адам болып бір орынға жиналуға;
- сыртқа шыққанда ғимаратқа және электр сымдарына жақын жүруге болмайды.

15. Түркістан облысы қала мен аудандарында сейсмикалық жаттығуларды өткізу тәртібі

- **Түркістан облысы Төтенше жағдайлар департаменті, волонтерлік ұйымдарымен бірлесіп:**
 - облыс көлемінде (қалалық, аудандық) азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесін іске қосуын қамтамасыз етсін;
 - сейсмикалық жаттығулар өтетін ұйымдарға әдістемелік көмек көрсетсін;
 - жер сілкінісі кезіндегі іс-қимылдарды насихаттайтын үгіт-насихат материалдарын таратуды, бейнероликтер әзірлеуді ұйымдастырсын;

– сейсмикалық жаттығуды өткізу үшін қызметкерлерді - адамдар көп жиналатын объектілер мен ірі тұрғын үй кешендеріне бекітіп, тұрғындарға жер сілкінісі кезінде және ТЖ жағдайында дабыл сөмкесін жинақтауға әдістемелік көмек көрсетсін;

• **Түркістан облысының білім басқармасы** – білім беру объектілерінің базасында құрылған зардап шеккен халықты қабылдау бекеттерінің дайындығын нақтылып, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында (балабақшаларда) сейсмикалық жаттығулардың өтуін ұйымдастырсын;

• **Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы** - ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарда (емхана, аураhana, сауықтыру орталықтары т.б) сейсмикалық жаттығулардың өтуін ұйымдастырсын;

• **Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы** – көп қабатты сауда, ойын-сауық, сауда орталықтарында сейсмикалық жаттығулардың өтуін ұйымдастырсын;

❖ **Түркістан облысының қала мен аудандардың әкімдіктері, қалалық және аудандық төтенше жағдайлар басқармаларымен (бөлім) бірлесіп:**

- барлық көп қабатты тұрғын үйлер, ғимараттарда;
- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында (балабақшаларда);
- денсаулық сақтау объектілерінде;
- ойын сауық, спорттық, мәдени-ағарту, қонақ үйлер, ғибадат үйлерінде т.б сейсмикалық жаттығулардың өтуін ұйымдастырсын;

Сейсмикалық жаттығулардың өтуіне жауапты орындаушылар келесі оқу сұрақтарына аса назар аударылсын:

1. Ұйымдастыру құжаттарын пысықтау сапасын бағалау;
2. Құлақтандыру жүйелерінің дайындығын бағалау;
3. Ғимараттарда қауіпсіз орындардың орналасуын анықтау дағдылары;
4. Қызметкерлерді ғимараттар мен құрылыстардан эвакуациялау дағдылары;
5. Қауіпсіз жерге шығу дағдылары;
6. Қайталама факторлар пайда болған кезде әрекет ету дағдылары (аумақтың әсеріне байланысты);
7. Азаматтық қорғаудың объектілік құралымдарының іс-қимыл дағдылары;
8. Басқару шешімдерін қабылдау дағдылары;
9. Алғашқы дәрігерге дейінгі өзіне және өзара көмек көрсету;
10. Өзара әрекеттесуді ұйымдастыру;

16. Түркістан қаласы:

№ 1 сейсмикалық жаттығу орны - Жаңа Қала шағын ауданы, «Nursultan City» тұрғын үй алабы:

- тұрғын үйдің тұрғындары қауіпсіз жерге көшіріледі, әрі қарай зардап шеккен халықты жақын маңдағы қабылдау бекетіне жібереді;

- **өртке қарсы қызмет (ӨСЖҚЖЖ) ММ** – күштер мен құралдары 12 қабатты тұрғын үйдегі өрт ошағын жоюға жұмылдырылады және зардап шеккендерді жоғары қабаттан автосатының көмегімен эвакуациялайды;

- құтқару қызметі зардап шеккен халықты балконнан эвакуациялауды ұйымдастырады

- **жедел авариялық құтқару жасағы** – (шартты үйінділер) астында зардап шеккендерді іздеу және құтқару үшін кинологиялық есептеуді қолданады;

- **медициналық қызмет** - зардап шеккен халыққа шұғыл медициналық көмек көрсету және әрі қарай реанемобильмен емдеу мекемелеріне тасымалдайды;

- **қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі (Түркістан қ.)** – сейсмикалық жаттығу орнын қоршауға алып, қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастырады;

- зардап шеккен халықты қабылдау бекетінің жұмысы ұйымдастырылады;

- эвакуацияланатын халыққа қажетті алғашқы көмек көрсетіледі;

- барлық қажетті сауалнама деректерін толтыру бойынша жеке басын куәландыратын құжаттарсыз қалған эвакуацияланатын халыққа көмек көрсетіледі;

- Қызыл Жарты Ай Қоғамы Түркістан филиалы - зардап шегушіге алғашқы көмек көрсету, сондай-ақ ТЖ жағдайына дабыл сандығын жасақтау бойынша тұрғындармен оқыту тренингтерін өткізеді;

№ 2 сейсмикалық жаттығу орны - Жаңа Қала шағын ауданы, Түркістан облыстық соты:

- жергілікті (объектілік) құлақтандыру жүйелері іске қосылады;

- қызметкерлерді жер сілкінісі кезінде жиналатын орындарға эвакуациялау жүргізеді;

- өрт сөндіру мен кезек күттірмейтін авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізеді;

- зардап шеккендерге медициналық және психологиялық көмек көрсетуді ұйымдастырады;

- қызметкерлерге жер сілкінісі кезіндегі іс-қимылдарды түсіндіріліп, зардап шеккен халықты қабылдау бекеттерінің мекен-жайлары жеткізіледі.

№ 3 сейсмикалық жаттығу орны - Жаңа Қала шағын ауданы, Түркістан облысы мемлекеттік кірістер департаменті:

- жергілікті (объектілік) құлақтандыру жүйелері іске қосылады;

- қызметкерлерді жер сілкінісі кезінде жиналатын орындарға эвакуациялау жүргізеді;

- өрт сөндіру мен кезек күттірмейтін авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізеді;

- зардап шеккендерге медициналық және психологиялық көмек көрсетуді ұйымдастырады;

- қызметкерлерге жер сілкінісі кезіндегі іс-қимылдарды түсіндіріліп, зардап шеккен халықты қабылдау бекеттерінің мекен-жайлары жеткізіледі.

17. Қорытынды бөлім

1. Жалпы облыстық сейсмикалық жаттығуды қорытындылау.

2. Сейсмикалық жаттығулар қорытындысы бойынша есептерді, фото, видео материалдарды дайындап, интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде кеңінен орналастыра отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы баспасөз қызметі ұйымдастырылады.

**Түркістан облысы Төтенше
жағдайлар департаментінің бастығы
полковник**



А. Төлешев